

**XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ «МӘНГІЛІК ЕЛ»
КОНЦЕПТІНІҢ МЕНТАЛЬДЫ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ¹**

Профессор, доктор Ибраһим ДИЛЕК²

Айнұр АХМЕТОВА³

Концепт категориясы осы уақытқа дейін когнитивтік лингвистиканың нысаны ретінде көптеген тілші-ғалымдардың зерттеулеріне негіз болғаны мәлім. Өткен ғасырдың екінші жартысында әдебиетті зерттеудегі жаңашыл ағым-бағыттардың пайда болуына орай әлемдік әдебиеттануда да когнитивизм ұғымы қолданысқа еніп, нәтижесінде когнитивтік әдебиеттану қалыптаса бастады. Сонымен қатар, А.Шахнарович, В.Голод, Р.Фрумкина, В.Демьянков, И.Стернин, А.Жолковский, С.Воркачев, И.Паршина, Я.Мукаржовский, Ц.Тодоров, Ч.Филлмор, У.Эко, Дж.Лакофф, Р.Джекендофф және т.б. филолог-ғалымдардың әдебиеттану және когнитивтік лингвистика тоғысындағы еңбектері әдебиеттану саласында когнитивтік бағыттың орнығуына негіз болды. Мұндай пәнаралық зерттеулер нысанға алған көркем туындыны бөлшектемей, тұтас, бірегей кешен ретінде, шығарманың сюжеттік, мазмұндық композициялық құрылымдарын байланыстыра қарастыруды мақсат етеді.

Когнитивтік әдебиеттанудың негізгі ұғымдары: концептуалдық жүйе, когнитивтік база, концепт, ғаламның тілдік бейнесі, ментальдылық, концептосфера, концептуализация, когниция, ойлау, білім, т.б. болып табылатындықтан, тақырыбымызға орай, әдебиеттанудағы концепт категориясына қатысты ғылыми тұжырымдар мен сипаттауларды келтіре отырып, XXI ғасырдағы (2000-2015 жылдар) қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептінің ментальды қабаттарын қарастыратын боламыз.

XXI ғасырдағы (2000-2015 жылдар) қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептінің ментальды құрылымдарын анықтау барысында салыстырмалы, интерпретациялық, эксперименттік, статистикалық жиілік, өрістік, т.б. зерттеу әдіс-тәсілдерін қолданамыз.

2014 жылы байырғы түркілер дәуірінде (VI-VIII ғасырлар) тұжырымдама ретінде тұғыры қаланған өміршең «Мәңгілік ел» идеясы Қазақстан Республикасы президентінің тарабынан «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» дәстүрлі халыққа жолдауында қайта

¹ Bu Makale 21-23 Ekim 2017 tarihleri arasında Antalya’da düzenlenen ASEAD II. Uluslararası Sosyal Bilimler Sempozyumu’nda bildiri olarak sunulmuştur.

² Гази Университеті Түрік тілі және әдебиеті бөлімі, altaykagan@gmail.com

³ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер Институты. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің докторанты Қазақстан (Алматы), qazakhmetova@gmail.com

жаңғыру сипатына ие болғаннан кейін жазылған көптеген зерттеулер мақала, монография, басқа да ғылыми еңбектер күйінде жарық көрді, зерттеу жұмыстары әлі де жалғасуда. Өзіміз білетіндей, «Мәңгілік ел» идеясын ғылымиландыру жолында мемлекеттік гранттық жобалар орындалуда. Оқулықтар қатары да жазылып үлгерді. Яғни, идея тек мемлекеттің ұлттық мүддесі мен идеологиясын, мақсатты стратегиялық жоспарларын жүргізудің құралы болу шеңберінен шығып, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарды дамытудың теориялық тұжырымдамасына айналды. Гуманитарлық ғылыми зерттеу институттарының тарапынан «Мәңгілік ел» платформасы жасалып, мемлекет тарапынан қолдау тапты. Ұлттық ғылымды модернизациялаудың, әрі ұлттық идеяны насихаттаудың бірі көрінісі осы «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру еді. «Мәңгілік ел құру» идеясы, әсіресе, қазақ гуманитарлық ғылымдары мен ұлттық мәдениетке түбегейлі онды өзгерістер алып келген дәуірлік құбылыстардың бірі болды.

«Қазақ мемлекетігі тарихының бесінші дәуірі есік ашқан» (Әбжанов, 2014: 45) – 1991 жылы мәңгілік арманына қол жеткізген қазақ елінің ХХІ ғасырдағы гуманитария ғылым саласында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын тың көзқарастар аясында зерттеуге ден қойылды. Әдебиеттанушы, тарихшы ғалымдардың зерттеулері бойынша негізгі екі бағытты бөліп көрсетуге болады. Алдыңғы бағыт кезінде кеңестік тоталитаризм санадан өшіруге тырысқан ұлттық құндылықтарды, әсіресе, ұлттық идеяны қайта қалпына келтіру үшін еңбек етсе, екіншісі топ «жалпыадамзаттық өлшемдер үдесінен шығуды» (Әбжанов, 2014: 46) көздеді. С.Қирабаев, Ш.Елеукенов, М.Жолдасбеков, Ә.Нысанбаев, У.Қалижанов, М.Мағауин, Х.Әбжанов, С.Сатай, Т.Жұртбай, А.Шәріп, Ө.Әбдіманұлы, Қ.Сартқожаұлы, Н.Ақыш, А.Ісмақова, А.Темірболат, Г.Пірәлі, Г.Орда, Ж.Сүлейменова, А.Рыскиева сынды т.б. тарихшы, әдебиеттанушы, философ, этнограф, саясаттанушы ғалымдар зерттеулерінде «Мәңгілік ел» ұғымы кеңірек зерттеле бастады.

Осы тұста қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласының зерттеу нысанына айналған «Мәңгілік ел» ұғымы түрлі категория тұрғысында зерттеліп жатқанын ескергеніміз жөн.

Атап айтар болсақ, 2015-2017 жылдар аралығында орындалған «Қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея және «Мәңгілік Ел» идеясы көрініс табуының көркемдік мәні мен жаңашыл сипаты» ғылыми жобасының нәтижесінде жарық көрген «Ежелгі және хандық дәуір әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы» аталатын ұжымдық монографияда зерттеушілер тобы қазақ әдебиетінің әр дәуірінде жазылған жанрлық шығармалардағы «Мәңгілік ел» атауының ұлттық идея ретіндегі қалыптасу, даму көріністерін қарастырған. Түркі халықтарына ортақ әдеби үлгілер мен жыраулар поэзиясын зерттеуге көбірек көңіл бөлген. Ежелгі және орта ғасыр әдеби мұраларындағы мәңгілік бостандыққа ұмтылу, ел бірлігі, тіл, дін, діл, атажұртты қорғау, сақтау, т.б. тақырыптардың көркемдік мазмұнына тоқталған.

Тарихшы Х.Әбжановтың 2014 жылы шыққан «Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология» еңбегінде тарих пен әдебиеттің бұрынғы тәжірибесі мен тағлымына сүйену арқылы «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру жолдары қарастырылған. Х.Әбжановтың пікірінше, «Мәңгілік ел» атауы VI-VIII ғасырдағы түркітөктес халықтардың жазба ескерткіштерінде концепция ретінде дүниеге келсе, 2014 жылы Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» дәстүрлі халыққа жолдауында идея тұрғысында қайта жаңғырды. Жолдауда: «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік ел – жалпықазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы» (Назарбаев, 2014: 3) делінген. Тарихшы Х.Әбжанов өз еңбегінде «Мәңгілік елдің» концепция және идея ретіндегі айырмашылығын түсіндіреді.

Ал, біз өз зерттеуімізде «Мәңгілік елді» концепт ретінде қарастыруды мақсат етіп отырмыз. Осы тұста зерттеу мақаламызда ХХІ ғасырдағы (2000-2015 жылдар) қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептің құрайтын ұлттық концептосферадан нәр алған, ортақ (нысанға алған романдарда жалпылама көрінген) кешенді концептілік қабаттарға тоқталатын боламыз. Көркем шығармашылық контекстегі «Мәңгілік ел» концептілік жүйесін толықтыратын,

жаңғыртатын индивидуалды – авторлық когнитивтік қолданыстар жайындағы талдауларымыз келесі зерттеулерімізде жалғасын табады.

Бірінші кезекте «Мәңгілік ел» тіркесінің концепт бола алу мүмкіндігін қарастырайық. Филолог-ғалымдар соңғы жылдары концептуалдық зерттеулердің белең алғандығын алға тарта отырып, бұл үрдістің жағымсыз, әрі ұтымды жағы барын ескертеді. Ұтымды жолы ретінде «когнитологиялық зерттеулер адамзат танымына терең бойлауға» (Рысберген, 2011: 142) және «... адам санасының қызметін танытатын құрал ретінде тіл мен тілдік деректер жөніндегі мәліметтер адамның табиғаты мен мәнін түсінуге мүмкіндік береді» (Кубрякова, 2001: 4-10). Ал тиімсіз тұсына тілдегі кез келген сөзді зерттеуші қалауынша концепт деңгейінде қарастыруда (Рысберген, 2011: 12). Ғалым Қ.Рысберген біз сілтемеде көрсеткен еңбегінде зерттеуші В.Виноградовтың «Мұндай жағдайда когнитивтік тәсілдің мәдени мәтіндерді қайта жаңғыртушылық қызметі жойылады, себебі мәдениет концептосферасы екі жүз мың компоненттен тұрады деу ақылға сыймайды» (Виноградов, 2007: 5-6) деген пікірін алға тартады.

Концептінің осылай екіұшты көзқарас қалыптастыруының басты себебі – әлемнің әлеуметтік, психологиялық, ұлттық-мәдени, тілдік, көркемдік, ғылыми бейнесін танытатын көпқырлы сипатқа ие кешенді құрылым болып танылуында. «Мәңгілік ел» атауын концепт деңгейінде зерттеуіміз үшін А.Әмірбекованың еңбегінде сілтеме жасалған келесі тұжырымдар жеткілікті. «Концепт – белгілі бір этномәдениетті сақтаушыларды сипаттайтын немесе ондағы лингвомәдени ерекшеліктерді айқындайтын семантикалық білім. Концепт этникалық дүниетанымды бейнелей отырып, этникалық дүниенің тілдік бейнесін уәждейді. Бұнымен қоса, «үй» салуға арналған кірпіш ретінде, реттеліп толыға түседі (М.Хайдеггер). Ол сөз мағынасынан емес, керісінше адамның өзіндік жеке және ұжымдық (халықтық) тәжірибесінен туындайды (Д.С.Лихачев)» (Әмірбекова, 2011: 88). Сөздіктер мен ғылыми еңбектердегі концептке берілген тұжырымдар мен анықтамаларды салыстыра келіп, өз тарапымыздан келесі пікірді ұсынамыз. Концепт дегеніміз жеке тұлғаның немесе социумның өмірлік тәжірибесінен туған ғалам, ғаламды құрайтын бөліктер туралы ұлттық танымға, көзқарасқа негізделген білім қоры (көзқарастар жүйесі). Концепт, көп жағдайда, мәдени құндылықтар арқылы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа мазмұндық аясы кеңейіп, толығып, көпкешенді компонент ретінде беріліп отырады. «... Концепт арқылы берілетін мазмұнды ұғу үшін белгілі бір мәдениет түрін тұтынушылар арасында қалыптасқан дүние бейнесін танып білу қажет. ... Тіл мен мәдениеттегі құндылық концепт арқылы көрінеді. Концепт бола алатын лексикалық бірліктер шектеулі. Концепт болу үшін белгілі бір мәдениетте өзекті, бағалы, өте ауқымды тілдік бірліктерді қамтитын мақал-мәтелге, поэтикалық, прозалық мәтінге тақырып бола алатын ақиқат құбылыстар болуы керек» (Нұрдаулетова, 2011: 59). «Мәңгілік ел» ұғымы VIII ғасырдан бастап, XXI ғасырға дейін халық жадында бірнеше рет модернизациялық жағдайларды бастан кешіріп, ғылыми-танымдық еңбектерде (ескі Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, Әл-Фараби мен Ж.Баласағұн, т.б. еңбектерінде) теориялық-тұжырымдамалық негізі қаланып, жекелеген авторлық көркем танымда (көркем туындыларда) толығып, дамып, көпқырлы сипат алғаны мәлім.

Концепт концептуалдық зерттеулерде лингвистикалық, когнитивтік және мәдениеттанымдық тұрғыда қарастырылуда. «Мәңгілік ел» концептінің қазақ әдебиетінің басқа да жанрларымен қоса, қазақ романдарындағы көпқырлы сипатын ескере отырып, біз өз тарапымыздан ұлттық-мәдени, көркемдік концептілер деңгейінде қарастыратын боламыз. Сонымен бірге, концептінің халық жадындағы не болмаса автордың идиостилиіндегі көркемдік тілдік таңбалардың динамикалық, кешенділік, құндылық сипаттарына қарай А.Әмірбекованың эстетикалық-көркем танымда объективтенген концептілер және логикалық-позитивті танымда объективтенген концептілер деп аталатын классификациясын да негізге аламыз. Өйткені көркем шығарманы интерпретациялау барысында жеке авторлық санадан, танымдық сүзгіден өткен, яғни жеке туындыгер қалыптастырған ойсуреттер мен метафора, ассоциациялар, т.б. маңызды

саналады. Ал, логикалық-позитивті танымда объективтенген концептілерге белгілі бір ұлтқа, халыққа тән әлеуметтік-мәдени ілімдер мен идеялар, концепциялар тән.

В.Карасик пен Г.Слышкин «Базовые характеристики лингвокультурных концептов» зерттеуінде лингвомәдени концептіге тән кешенділік, ментальдылық табиғатының болуы, құндылық, шекарасының айқын болмауы, шарттылық, өзгермелілік сынды т.б. сипаттарды атап көрсетеді (Карасик, Слышкин, 2007, 12-14).

Тарихшы Х.Әбжановтың пікірінше, Қазақстандағы ұлттық идеяның бесғасырлық даму тарихы бар, «қазақ этносымен түйдей құрдас» (Әбжанов, 2014: 72). Яғни, әр дәуірдегі тарихи оқиғалардың формасы мен мазмұнына және ел басқарған көсемдердің ұстанған саяси қағидаларына орай ұлттық идея құбылысы хронологиялық трансформацияға түсіп, кешенді нұсқалар негізінде көрінді. Демек, біз ХХІ ғасырдағы қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептін қарастырғанда дәл осы тіркесті кездестіре алмауымыз мүмкін, алайда оның әр дәуірде сыртқы формасы өзгеріске ұшырағанымен, ішкі мазмұны сақталған кешенді нұсқаларын негізге аламыз. Осы тұста «Мәңгілік ел» тіркесінің концепт ретіндегі түсінігін беруге тырысайық.

«Мәңгілік ел» ұғымы ХХІ ғасырдағы қазақ елінің болашағына бағыт-бағдар беретін идея ретінде Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы дәстүрлі халыққа жолдауынан кейін қайта жаңғырушылық сипат алғанда мәңгілік сөзінің Құдайға ғана тән екендігін, елдің (адамның) мәңгілік болуы мүмкін емес деген сипатта мәңгілік сөзіне қатысты кейбір халық өкілдерінің екіұшты пікірлері айтыла бастады. Осы зерттеуімізде аталған тіркеске қатысты түсінік бергенді жөн көрдік.

Мәңгілік бар болудың, құдіреттілік пен ұлылықтың, шексіздіктің бүкіл тіршілікке жан бітірген бір ғана Алла-Тағалаға тән екендігі қасиетті Құран кітабында егжей-тегжейлі айтылған. Мәңгілік ұғымы ақырзаманға дейін жалғасады. Мәңгілік сөзі қасиетті Құранда Бақи (соңы жоқ мәңгілік) деп аталған. Қазақ тіліндегі мәңгі-бақи тіркесі Бақи сөзінің негізінде қалыптасуы мүмкін. Сонымен қатар, жұмақ пен тозақтың мәңгілік екені де айтылады. «Мәңгілік ел» тіркесіндегі мәңгілік сөзін мифпен астастырып, тікелей түсінуден аулақ болғанымыз жөн. Аталған тіркес қазақ халқы өз жерінің тұтастығын сақтап, ұзақ уақыттар бойы (ақырзаманға дейін) иелік еткен территориясында тәуелсіз өмір сүрсе деген армандаудан, арманға жетуге деген ұмтылыстан туған. Яғни, Жаратушыға тән Мәңгілік ұғымы «Мәңгілік ел» концептінің актуальды өзегінің дефинициясы болып табылады.

Мәңгілік ел болу дегеніміз, біріншіден, мемлекеттің ұзақ дәуір өмір сүруі. Екіншіден, өркениеттер дәуірінде ірі капиталистік мемлекеттер арасында бәсекеге төтеп беретін, алып елдердің кез келген саласында жұтылып кетуден қорғайтын түрлі рухани және материалдық құндылықтарды сақтау және көркемдік, ғылыми, танымдық жарияланымдар арқылы насихаттау. Сонымен қатар, Мәңгілік ел тіркесі ұлт бірлігі, тіл бірлігі, дін бірлігі, жер бірлігі сынды факторлармен астасып жатыр. Шын мәнінде, Мәңгілік ел тіркесінің мазмұны ақын Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген» деген өлең жолдарымен үндес келетіндіктен, өзара кешенді түсініктер ретінде тануға болады. Концептіге құндылық сипаты тән. Сондықтан «Мәңгілік ел» концептін ұлттық құндылықтардың көркем әдебиеттегі көрінісі деп қарастыруға болады.

1991 жылы 16 желтоқсандағы Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін, аталған кезеңнің екінші онжылдығында да (2000-2015 жж.) тарихи танымға негізделген мәдени үлгілерді сомдау өнері әдебиетте жалғаса берді. Соның бірі – қазақ әдебиеті, оның ішінде, көлемді проза – роман жанры. Тоталитаризмнің кісенінен босанған қазақ жазушылары отарлық сананың құлдық қамытынан құтылу үшін тарихи-мәдени жәдігерлерді ұлықтауға, тарих пен болашаққа дәнекер таптық, партиялық көзқарастардан арылған адами құндылықтарды қайта қалыптастыруға бет бұрды. ХХІ ғасырда (2000-2015 жылдар) С.Әбілқасымұлының «Оспан батыр», С.Сматаевтың «Жарылғап батыр», Ә.Оспановтың «Наркескен», Қ.Мұхамбетқалиұлының «Тар кезең», Ж.Ахмадидың «Есенгелді би», «Жарылқап би», «Айтұмар», К.Сегізбайдың

«Беласқан», Д.Досжанның «Ақ Орда», Ұ.Доспамбетовтің «Қызыл жолбарыс», «Абылайдың ақ туы», М.Мағауиннің «Жармақ» «Шыңғыс хан және оның заманы», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай», Т.Зәкенұлының «Мәңгітас», Қ.Жиенбайдың «Жер үстінде жұмақ бар», Т.Сәукетаевтың «Ай қараңғы», Н.Куантайұлының «Қараөзек», т.б. романдарында қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен хан, батыр, би, шешендер, ақындар мен қоғам-қайраткерлерінің көркем бейнесі сомдалды. Жазушылардың аталған романдарына ескі түркі кезеңінен бастап, қазақ тарихының әр дәуіріндегі ұлы тарихи оқиғалар арқау болды. Қазақ жазушылары өз романдарында VI ғасырдағы Тоныкөк, Күлтегін, Білге қағандардан бастап, кейінгі ғасырлардағы Жәнібек, Керей, Асан Қайғы, Есім хан, Абылай хан, Бұқар жырау, Жантай, Бөгенбай, Қабанбай, Кенесары хан, Ескелді би, Шоң би, Махамбет, Исатай, Кенесары, Наурызбай, Сырым, М.Шоқай, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Н.Назарбаев, Л.Асанова, Е.Сыпатаев, Қ.Рысқұлбеков, т.б. қазақ халқын тарих сахнасынан жоғалып кетуден сақтап қалған саяси, тарихи тұлғалардың батырлық, ерлік келбетін, азаматтық істерін, олардың арман-мұраттарын Қазақстан тәуелсіздігінің ұраны – Мәңгілік ел идеясымен байланыстыра суреттеді.

Аталған романдардың көркем дискурсында прецеденттік феномендер де (прецедентті жалқы және жалпы есімдер, прецедентті атаулар, тіркестер) «Мәңгілік ел» концептінің компоненттерін құрайды. Жоғарыда айтылған романдарда қазақ әдебиетінің көркемдік кеңістігінде түркілік, ұлттық тарихи маңызға ие Тоныкөк, Күлтегін, Қорқыт ата, Құрманғазы, Шыңғыс хан, Жошы, Асан Қайғы, Жәнібек хан, Керей сұлтан, Абылай хан, Бұқар жырау, Кенесары хан, Махамбет, Н.Назарбаев, т.б. антропонимдер мен Жерұйық, Өтүкен, Ергенекон, Жиделі Байсын, Отырар, Сарыарқа, Есіл, Нұра, Алатау, Еділ, Жайық, Ұлытау, Іле, Жетісу т.б. топонимдер қолданылған. Бұл антропонимдердің «Мәңгілік ел» концептінің компонентін құрау себебі – ескі түркі халықтарының бір бұтағы – бүгінде өз алдына жеке мемлекет құрған Қазақстанның тәуелсіздікке (мәңгілік арманына), азаттыққа жету жолында күрескен асыл тұлғалар ретінде көптеген тарихи туындыларда сомдалуы. Яғни, «Мәңгілік елді» құрушы тарихи, саяси тұлғалар санатында аталады. Нысанға алған романдарда қазақтың танымына тән ментальды бірліктер өзім (қазақ) және өзге (орыс, қалмақ, жоңғар, қытай, т.б.) оппозициялық бағалауыштық сипатта танылады. Қазіргі қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептілік өрісін құрайтын «қазақ» концептін өзім/өзге контекстінде сипатталуын бір мақала аясында талдап түсіндіру мүмкін емес.

Ұлттық-мәдени танымдағы «Мәңгілік ел» концепті құрылымында осы концепті мазмұнына қатысты халықтың когнитивті базасындағы (романдардың көркемдік тіл құрылымы) барлық семантикалық қабаты мен перифериясында тарихи деректік, тілдік, энциклопедиялық білім қорлары мен түсініктер жиынтығы, ассоциациялар мен стереотиптер аталған концепт төңірегіне ұйысып, вербалданады, әрі объективтенеді. Сөйтіп «Мәңгілік ел» концепт моделінің когнитивті матрицасын жалпыадамзаттық мазмұндағы фреймдер құрылымдайды. Яғни, «өз кезегінде тиісті фреймдер өзектелу барысында ұлттық білім мен ақпараттар жүйесін репрезенттейді де, «виртуалды концепт» – прототиптік сұлбасынан «толыққанды» ұлттық концепт құрылымдауға атсалысады» [Рысбергген, 2011: 8]. Осы орайда «Мәңгілік ел» ұлттық-мәдени концепті қазақ елінің ұлттық санасымен тығыз байланысты болғандықтан ұлттық бірегейліктің басты көрсеткіші деп атауға негіз бар. Аталған концептінің мазмұндық қабаттарын құрайтын түрлі тілдік, тарихи, мәдени, діни, философиялық ұғымдарды, осы концептіні репрезенттейтін тілдік құралдарды анықтау, талдау үшін төменде қазақ әдебиеті тамыр тартатын түркі халықтарының ежелгі әдебиет дәуірлеріне қысқаша шолу жасайтын боламыз. Яғни, XXI ғасырдағы (2000-2015 жылдар) қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептінің табиғатын ашу үшін бұрынғы дәуірлердегі түркі халықтарына ортақ әдеби үлгілердегі референтті жағдайларды анықтап алғанымыз жөн.

Қазақ романдарындағы (2000-2015 жылдар) аталған концептінің мазмұндық құрылымын, өрісін анықтау үшін сипаттама және өрістік тәсілдерді қолданатын боламыз. Нәтижесінде «Мәңгілік ел» концептінің өзегі, қосымша қабаттары, перифериясы мен ассоциативтік өрісін айқындауға тырысамыз. «Концептуалдық талдаудың бас кезеңінде, ең алдымен, оның өзегін

құрылымдайтын концепт атауымен байланысты тілдік бірліктерді – лексикографиялық дереккөздердегі мағыналарын жинақтап, түгендеу қажет. Когнитивтік лингвистика тілдік тұлға санасындағы білімдерді (сақтайтын) көпқабатты күрделі құрылымдарда көрініс табатын категориялармен опреациялар жүргізеді, олар – концепт, фрейм, схема, сценарий, скрипт, гештальт» (Рысберген, 2011: 152-153) деген Марвин Минский аудармасындағы пікірді лингвист Қ.Рысберген де қолдайды.

Фрейм дегеніміз белгілі бір концептіге қатысты білім сатысын құрайтын стереотиптік жағдайдағы ақпараттар мен деректерді жинақтап көрсететін ментальды конструкт. Фрейм стереотиптік жағдаят, слот пен терминалдар аталататын статикалық және динамикалық иерархиялық сатылардан тұрады (Минский, 1979: 78). Фрейм концепті немесе ұғым өзегін айқындайтын құрылымдардан тұрады. Кей жағдайларда фрейм концепт қызметін атқара алушылық қабілетке де ие.

Жоғарыда аталған антропоним, топонимдермен қатар, романдардың көркем контексінде әр дәуірде тарихи оқиғалар қалыптастырған Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама, Күлтөбенің басында күнде жиын, Аңырақай шайқасы, зар заман, жылымық кезең, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай уақыт, Есім салған ескі жол, Қасым салған қасқа жол, Қарғабойлы Қазтуған, Асан қайғыға салыну, Қорқыттың көрі, Абылайдың асында шаппағанда атаңның басында шабасың ба сынды т.б. прецедентті стереотиптер де репрезенттеледі. Аталған прецеденттік жағдаяттарды «Мәңгілік ел» концептінің фреймдері ретінде көрсеткен жөн. Өйткені фрейм табиғатына белгілі бір стереотиптік ситуация тән болғандықтан, аталған жағдаяттар қазақ халқының санасында тұрақты түсініктер мен белгілі бір тарихи мазмұнға ие. Уақыт қалыптастырған ұлттық прецеденттік атаулардың бәрі тарихи тұрғыда маңызы жоғары деректерге негізделген.

Біздің пайымдауымызша, қазақ прозасының ежелгі бастау көздерінде көрініс тапқан көркемдік поэтикалық, ұлттық-мәдени ұғымдарды «Мәңгілік ел» концептінің модельдік құрылымын ұйымдастыратын синонимдік трансформацияланған компоненттер кешені ретінде қарастыруға болады. Аталған ұқсас семантикалық концептілерді, екінші жағынан, ұлттық-мәдени код көрсеткіші деп те тұжырымдаған жөн. Өйткені, ХХІ ғасырдағы қазақ романдарында көркемдік модель қалыптастырумен бірге, «Мәңгілік ел» концептінің перифериясын «мемлекет», «ел», «дала», «атамекен», «қайырымды қоғам» (Әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» еңбегінде негізі қаланған), т.б. идеялық формулалар семантикалық компонент, аялық білім, символ, бейне, ассоциация, стереотип, т.б. түрінде құрылымдайды.

Лингвист Н.Уәли: «Тілдік бейне түріндегі концептуалды жүйе этностың заттық, мәдени тәжірибесіне тәуелді. Дүниенің тілдік бейнесі логикалық-прагматикалық позитивтік танымға, әлеуметтік тәжірибеге негізделеді. Концептуалдық бейне дүниенің тілдік бейнесінің бір бөлігі болып табылады. Дүниенің тілдік бейнесінде мифологиялық, діни, логикалық-позитивті танымның бәрі де болады» (Уәли, 2007: 15) деген пікір айтады.

«Мәңгілік ел» ұғымы VI-VIII ғасырлар аралығында байырғы түркі халықтарының саяси, мәдени өмірінде ортақ дүниетанымдық, дәстүр жалғастырушылық ұғымдарының қызметін атқарған деуге толық негіз бар. Бүгінгі қырғыз, қазақ, тува, өзбек, түрікмен, башқұрт, ұйғыр, т.б. халықтарының рухани-мәдени тұрғыда бір-бірімен етене жақындасуына, көп уақыт бойы алма-кезек ауысып отырған көшпенділік пен отырықшы шаруашылық өмірінің ұйытқысына айналған.

Түрік қағанатының тарихынан мәлімет беретін дереккөз қоры Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, Қытай жылнамалары және Византия деректері болып үш топқа бөлінеді (Ташағыл, 2006: 369). Осы тұста біз қазіргі романдардағы «Мәңгілік ел» ұғымын концептілік жүйе тұрғысында қарастыру үшін Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін де негізге аламыз.

Ескі түркілік наным-сенім жүйесі бойынша байырғы түркі жұрты өздерін Көк Тәңірі қара жерден кейін жаратқан алғашқы, көне мемлекет деп есептеді. Тікелей Тәңірдің қалауымен дүниеге келген «мәңгілік ел» деп түсінді. Тәңір елін басқаратын, бір орталыққа ұйытатын негізгі тетік –

мемлекеттік құрылым да қасиетті саналды. «Мәңгілік ел» ұғымы туралы алғаш рет көрініс тапқан «Білге қаған» (735 ж.), «Күлтегін» (731 ж.), «Тоныкөк» (727 ж.) ескерткіштерінде ел (мемлекет) статусының қағаннан жоғары қойылғандығы да байқалады.

А.Ташағылдың тарихи зерттеулерінде «Мәңгілік ел» тіркесін құрайтын ел (ил) сөзі түрік қағанатында үлкен саяси құрылым – мемлекет атауының орнына жұмсалған. «Мемлекет – Тәңір тарабынан берілген құт саналады» (Ташағыл, 2006: 369). Сол себептен елді Тәңірдің бұйрығымен қаған, бек, айғужы, угелер (қаған орынбасары) басқаратын. «Қаған Тәңір тарабынан жіберілетін немесе жазаланатын. Сондай-ақ олардың түсінігінше, бағытынан адасып, жолдан шыққан түрік ұлтын және нашар қағандарды Тәңір кейде жазалап, қолдарынан мемлекетті алып қоятын еді. Ал мемлекеттен айырылу түріктер үшін орны толмас орасан зор қайғы болатын» (Ташағыл, 2006: 374).

Тәңірден құт, әрі бұйрық алған қағандардың халық алдында міндеттері болған. «Күлтегін» ескерткішіндегі: «Тәңірі жарылқап, құтым бар үшін, нәсібім бар үшін өлімші халықты тірілттім. Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым. Ығыр (болған) елдікті, ығыр (болған) қағандықты игі қылдым. Төрт тараптағы халықты бағындырып, бейбіт қылдым. Жаусыз қылдым» (Ахметұлы, т.б. 2007: 124) деген жолдармен сипатталған. Жазба ескерткіштерде қазіргі қолданысымыздағы мемлекеттің орнына қолданылған ел құрылымы әулет (огуш), әулеттер одағы (ұрығ), ру (тайпа), тайпалар одағы (бодун) сынды басқару сатыларынан тұрған.

Түрколог Қ.Сартқожаұлы түрік атауын мемлекет, билік, өкімет ұғымдарымен байланыстырып, «türük атауы «tög» – билік, өкімет, «ök» – өктем, күшті, қайратты, жүректі деген мағына беретін екі түбір сөзден құралғанын айтады. Türük – өктем билік, өктем үкімет, өктем төр деген мағына береді» (Қаржаубай, 2003: 59). Ғалымның бұл пікірі де ежелгі түркі халықтарында өздерін Тәңір елі деп есептейтін дүниетанымының болғандығын дәлелдей түседі.

Орхон ескерткіштерінде елді саяси бірлікке шақыру, бір орталыққа бағынып, ежелгі табғач, оғыз, қытай сынды жауларынан бірігіп қорғану идеялары көтерілген.

Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк басқарушы, кеңесшілердің атынан баяндалған ескерткіште Тәңір елін – Мәңгілік елді (түркілер өздерін мәңгілік ел санады) басқарған Бұмын, Естеми қағандардың есімдері ерекше құрметпен аталады. Кейіннен билік күші қағандардың ұрпақтарына өткенде біліксіз, әлсіз, басқару тетігін жетік білмегендіктен түркі елі қытайдарға тәуелді, кіріптар күй кешеді. «Күлтегін» ескерткішінің батыс жақ бетіндегі (КТ. I. 1-40) «Қағандығын жүргізіп отырған қағанынан айырылды. Табғач халқына бек ұлдарың құл болды, ару қыздарың күң болды. Түрік бектер түрік атын жойды. Табғашшыл бектер табғач атын тұтынды. Табғач қағанға бағынды» (Ахметұлы, т.б. 2007: 124) деген жолдарды халықтық ынтымақ-бірліктен қол үзген, өз арасында алауыздық пен күншілдік, білім-біліксіздік жайлаған елдің осындай жағдайға тап болатынын ескерту мақсатында мәңгілік тасқа бейнелеп қалдырған сыңайлы.

Бүкіл түркі жұртына ортақ осынау мәдени жәдігерлердегі Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөктердің қаһармандық келбеті мен ерлік істері ХХІ ғасырда жазылып жатқан қазақ романдарының көркемдік әлемін құраған. Атап айтар болсақ, 2013 жылы жарық көрген Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» романында Тоныкөк түріктік мүддені қорғаушы, Қапаған, Білге қағандардың кеңесшісі қызметін атқарушы тұлға ретінде көрінеді. Жазушы бүкіл түркі халқына ортақ тұлғаның балалығынан бастап, данағөй, абызға айналған шағына дейінгі өмірін нақты тарихи оқиғалар негізінде баяндайды. Жоғарыдағы ескерткіштен алынған жауынгерлік рухтағы жолдар роман композициясына да негіз болған.

Тоныкөктің әкесімен болған диалогтан әкесінің сөзін келтіріп отырмыз.

«Балам, алмағайып заман болып, біздің түркі халқының басынан бағы тайып тұр. Қағанымыз Баһадур шал Ілік қаған табғаштың хан ордасында қамауда жатып өлді. Табғаштар одан соң Тай қаған мен Қара қағанды да қақпанына түсірді. Батыс түркінің он оқ халқы да табғаштардың боданына айналды. Табғаштардың жортауыл санғұндары мен біздің табғашшыл

бектеріміз халықтың көбін айдап, Талқымның түстігіне – Алты дуанға алып кетті. Қабырғамыз сөгілді, бауырымыз бөлінді. Заман сұрқы бұзылды. Сен, балам, табғаштың оқуын оқы. Осылардың бізді немен шырмап қоятынының сырын біл. Қару өнерін үйрен, түбі халқыңа, жұртыңа керек болады. Артыңа қарайлама» деді» (Зәкенұлы, 2012: 66).

Романның көркемдік сюжеттік оқиғалары жазба ескерткіштер мен басқа да тарихшылар зерттеуіндегі тарихи оқиғалар негізінде өрілген. Туындыдағы Тонькөктің тоқсан жасқа дейінгі ғұмыры түркі халықтарының бостандығын аңсаумен өтеді. Тәуелсіздіктің сақталуы жолында ғұмырының соңғы сәттеріне дейін еңбек еткені баяндалады. Автордың VI-VIII ғасырларда тасқа қашалып, бізге жеткен тарихи оқиғаларды бүгінгі қоғам өмірімен, әсіресе, көркем шығармашылықпен байланыстыра суреттеуі арқылы көне жер-су атаулары да қайта жаңғырған.

Аталған жазба ескерткіштермен қатар, романның көркем контекстінде «құт» концепті де кездеседі. Құт категориясы түркілер дүниетанымы бойынша халықтың бақытты ғұмыр кешуі, ырыс-несібесі, байлығы, демократияға негізделген саяси билік ұғымымен де байланыстырылған. Құт адамзатқа Тәңірден сыйға берілген деп ұғынылды. Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» романында ежелгі түркі халықтарының орталығы болған Өтүкен қасиетті құтмекен, халықтың ырысы, байлығы ретінде аталады. Өтүкен – түркі халқына бақытты ғұмыр сыйлайтын қоныс. «Күлтегін» ескерткішінің сол жақ бетіндегі (КТ. IV. 1-14): «Бұл сөзімде жалған жоқ. Түрік қаған Өтүкен жынысында отырса, елде мұң жоқ. ... Өтүкен жерінде отырып, керуен жіберіп отырсаң, онда мұңың жоқ. Өтүкен жынысында отырсаң мәңгі ел тұтып отырар ең сен. Түрік халқы, тоқ та, аш та болдың сен. Аштықта тоқтықты түсінбедің сен. Бір тойсаң ашықпайтындай боласың сен» деген жолдардан көшпелі түркі халқының сулы-нулы, шұрайлы жерлерді жайлағанын байқауға болады. Сонымен бірге, М.Қашғари мен қытай деректерінде Өтүкен Орхон мен Селенга өздерінің аралығында орналасқан, халықты бір орталыққа бағындыратын, бірлікке, елдікке шақыратын, табиғаты жанға жайлы қауіпсіз аймақ саналғаны жайында жазылған.

Байқағанымыздай, «Мәңгілік ел» елдік концептін құрайтын алғашқы мәдени, теологиялық түсініктер тұтастығы ажырамаған, іргесі сөгілмеген VI-VIII ғасырлардағы байырғы түркі халықтарының дүниетанымынан бастау алады.

Өтүкеннің кешенді формалары түркілік әдебиеттің әр дәуірдегі үлгілерінде де кездеседі. Мысалы, Оғыз қағанның ұрпақтарына төрт жүз жыл бойы құтты қоныс болған Ергенекон жайында «Ергенекон» дастанында, елді бақытқа жетелейтін, ырыс-молшылыққа кенелтетін, бірлікке ұйытатын Жерұйық Асан Қайғы толғауларында жердің кіндігі мағынасындағы символдармен берілген. Философ Ғ.Есім Жерұйықтың ұлттық мемлекет құрудың басты идеясы болғанын пайымдай отырып, осы сөздің сөзжасамдық формасын түсіндіруге тырысады. Оның пікірінше, жер – ұлттық дүниетанымның басты ұғымы; ал ұйық – халықтың, ұлттың ұйып, ұйымдасып, бір мемлекетке бірігуі. Ғ.Есім «Бүгінгі географиялық түсініктегі Жерұйық дегеніміз Қазақстан Республикасы» (Есім, 2003: 10) деген пікір айтады. Асан Қайғы толғауларында халыққа мекендеуге жайлы жер ретінде Еділ мен Жайық өзендері аталады.

XXI ғасырдағы қазақ романдарының көркемдік контекстінде де Жерұйықты іздеу амалдары жалғасын табуда. 2004 жылы жарық көрген Ұ.Доспанбетовтың «Абылайдың ақ туы» романында Төле би жалайыр Өтеген Сәбденұлы мен дулат-жаныс Өтеген Өтегүлұлына «Жерұйықты» іздеуге аттандырады. XVIII ғасырда қазақ жеріне жан-жақтан қауіп төніп, әрі халық ішіндегі алауыздық әрекеттер өрши түскенде Төле би осындай әдісті ойлап тапқанға ұқсайды. Екі кейіпкер Әмудария жағалауынан бастап Ауғанстан, Кавказ аралығында жатқан ұланғайыр жерді шарлап келіп, Төле биге төмендегідей баяндайды.

«Ағайын-туған! Қарындас ел! Алты алаштың азаматтары! Мына жарты әлемнің тау мен тасына табандарын тоздырған мұзбалақтарымыз дұрыс айтады! Жердің құты Алатау мен Қаратау! Одан әрідегі Жетісу! Жердің құты, жерұйық дегеніміз, міне, солар! – деп Төле би саңқылдағанда зеңгір көк әйнекше шытынап, ойдан-қырдан жиылған дүйім көптің төбесіне құлап түсердей әсер қалдырған» (Доспанбетов, 2008: 413).

Автордың жеке көркемдік қабылдауының нәтижесінде Алатау, Қаратау, Жетісу жерұйығы арқылы «Мәңгілік ел» концептінің базалық құрылымы кеңейіп, толыққан.

Әр дәуірде түркі халқының айбынды тұлғалары негізін қалаған, халыққа құтты қоныс, қасиетті мекен боларлық Өтүкен, Ергенекон, Жиделі Байсын, Жерұйық, т.б. идеялар XXI ғасырдағы Қазақстан халқының ұлттық прозасындағы «Мәңгілік ел» концептінің ментальды қабаттарын құрайды деп топшылауға болады.

2016 жылы Қазақстан Республикасының әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығын жеңіп алған Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романы еді. Аталған романның қазақ әдебиетіне ала келген олжасы түпнұсқадағы мұрағат деректері мен өзі куә болған, көрші мемлекеттерге бас сауғалап кетіп, қайта оралған Алдаберген Көріпкелов сынды куәгерлердің жазбаларына иек артқандығында. Роман сюжеті 1916-1917 жылдардағы ұлттық геноцидке алып келген империялық саясаттың әдіс-тәсілдері, оның қазақ ауылдарындағы қасіретті нәтижелері мен өлкелік ұлттардың көрші елдерге қашуы, уақытша үкімет орнағаннан кейін қайта келу уақытын қамтиды. Жазушы Б.Нұржекеев басылымға берген сұхбаттарының бірінде архив материалдарына сүйене отырып, гуманистік апаттың салдарынан қазақ ұлтының үштен екісі, яғни 6 миллионнан 2 миллионға жетер-жетпес қырылды деген мәліметті келтіреді. 100 жыл бұрынғы Қарқара, Торғай көтерілісінің қазақ баласына тартқызған қасіреті мен азабын бұған дейін М.Әуезовтің «Қилы заман», Ж.Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбілек» романдарында бейнеленген еді. Кеңестік кезеңде өмір сүрген жазушыларымызға саясат мүмкіндік бермегендіктен көтерілістің тарихи шындығын архив материалдары негізінде айта алмағанды.

Романның көркемдік шындығына Алаш қайраткерлерінің «Қорған, қазақ!» (идеялық форманы негіздеген Х.Әбжанов) идеясы да қуат берген. Мысалы, 1917 жылы Ә.Бөкейхан қазақ ұлтын бірігуге, қорған болуға, бір мақсатқа жұмылуға кеңес берген еді. «Есік алдынан дауыл, үй артынан жау келді! Алаштың баласы, Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан соң, 200 жылда, басыңа бір қиын іс келді! Ақсақал аға, азамат іні, отбасы араздық дауды қой; бірік, жұрт қызметіне кіріс! Алаштың басын қорғауға қам қыл!» (Әбжанов, 2014: 88) деген еді Ә.Бөкейханов. Егер 1916 жылы өкіметке қазақ халқы әскер беруге келісім бергенде 4 миллионға жуық халық қырылмас еді дейді роман авторымен қоса басқа да тарихшылар. Сонымен бірге С.Досановтың «Қылбұрау» романында да өз заманының зиялысы бейнесінде сомдалған Нұрдәулеттің пікірлес, идеялас ортасы – алаш интеллигенциясы негіз болған. Алашорда партиясының көсемдері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Ә.Ермеков, Ж.Ақбаев, М.Тынышбаев партия, мемлекет, ұйым құруда Нұрдәулет Бабаханұлымен бір тарихи кезеңнің кейіпкерлері ретінде көрінеді.

XX ғасыр басында ұлттық идеяның «Оян, қазақ!», «Қазақ автономиясы», «Қорған, қазақ!» кешенді нұсқаларымен бірге «Түркістан жерінде біртұтас мемлекет құру» идеясы өмір сүрді. Соңғы идеяны қалыптастырушының бірі де Алаш қайраткерлерінің бірі – Мұстафа Шоқай еді. Бір кезеңде өмір сүрсе де Алаш қайраткерлерінің ұстанған позициясы ұқсас болмады. Қазақ автономиясы мен Түркістан мұхтариятының бірігуін қаламаған алаш зиялылары түрлі пікір алшақтықтарын алға тартқанымен, түпкі мақсаттары орыс отаршылдығынан құтылып, тәуелсіз мемлекет құру болатын.

Ұлт мұраты үшін күрескен, қазақ халқының ғана емес, түркі халықтарының да бірлігі мен ынтымағын аңсаған, Түркістан идеясының авторы М.Шоқайдың әдеби образы Ә.Таразидың «Мұстафа Шоқай» романында көрініс тапты. Автор халық арасында қалыптасып қалған образынан бөлек, ұлт мұратын көксеуші тұлға ретінде суреттеуге тырысқан.

Кемелденген ұлттық идеяға арқа сүйеген елдер ғана жаһандануға жұтылып кетпей, асылын қабылдап, ұлттық болмысы мен табиғатына нұқсан келтіретін тұстарын айналып өтеді. М.Шоқай XX ғасырдың басында-ақ жаһанданудың қазаққа да жететінін біліп, бүкіл түркі жұртын бір тудың астына біріктіргісі келген-ді.

Аталған романдардың көркем контексін құраған «Оян, қазақ!», «Қазақ автономиясы», «Қорған, қазақ!», «Түркістан жерінде біртұтас мемлекет құру» идеяларын «Мәңгілік ел» концептінің тарихи қабаттарын түсіндіретін тірек концептілер ретінде қарастырғанымыз жөн.

Қорыта келгенде 2000-2015 жылдар аралығында жарық көрген қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептін қарастыру барысында осы концептіге тән кешенді, ментальды табиғаты, құндылығы, өзгермелілігі сынды т.б. сипаттары анықталды. ХХІ ғасырдағы қазақ романдарындағы аталған концептінің өзегі мен перифериясын, ұғымдық, аксиологиялық, ассоциативтік құрылымдық қабаттарын анықтау үшін әр дәуірдегі әдебиет үлгілерінде көрініс тапқан архетипін, алғашқы қаңқасын, ішкі мазмұндық формаларын қарастырдық. ХХІ ғасырдағы қазақ романдарында «Мәңгілік ел» концептілік жүйесі көркем туындыдағы жеке авторлық идиостиль барысында толығып, жаңарып, дамып отырған. «Мәңгілік ел» концепті көркем туындыларда «мемлекет», «қайырымды қоғам» (Әл-Фараби), «Өтүкен», «Жерұйық», «Ергенекон», «Жиделі Байсын», «Оян, қазақ!» (М.Дулатов), «Сарыарқа», «Берік бол, қазақ!» (Ә.Бөкейхан), «Түркістан жерінде біртұтас мемлекет құру» (М.Шоқай), «қоныс-құт-құдірет» (формула), «қос өзен» (Еділ-Жайық, Есіл-Нұра, т.б., символдары) туған жер, туған тіл, тәуелсіздік, еркіндік, азаттық, қазақ даласы, астана, құт, атақоныс, жұрт. т.б. концепт өрісінде вербалданған. Сонымен қатар, мақаламызда ХХІ ғасырдағы (2000-2015 жылдар) қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концепті және осы концептінің концептілік жүйесін құрайтын тәуелсіздік, отансүйгіштік, демократия, әділдік, сенім, бейбітшілік, азаттық, т.б. қазақ халқының ұлттық және жалпыадамзаттық рухани, материалдық, саяси, эстетикалық, діни құндылықтарын одан әрі нығайту, ұзақ сақтауға ұмтылу мақсаты, талпынысы арқылы түсіндіру көзделді. «Мәңгілік ел» концептінің кейбір филологиялық және тарихи аспектілері әлі де зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбжанов, Х. (2014). Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. – Алматы: Елтаным.
2. Әдеби жәдігерлер. (2007). Жиырма томдық. 1-т.: Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. Құраст.: Ш.Ахметұлы, А.Әлібекұлы, Н.Базылхан, С.Қорабай, Қ.Орынғали, Қ.Сартқожаұлы. – Алматы: Таймас.
3. Әмірбекова, А.Б. (2011). Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. Алматы: Елтаным.
4. Виноградов, В.А. (2007). Вступительное слово при открытии круглого стола «Концептуальный анализ языка: современные направления и исследования». Концептуальный анализ языка: современные направления и исследования. Сб. научных трудов. М.: Эйдос.
5. Доспанбетов, Ұ. (2008). Абылайдың ақ туы: тарихи роман: 2-кітап. Алматы: ЖШС Самара-Принт.
6. Зәкенұлы, Т. (2012). Мәңгітас. Алматы: Алаш жолы.
7. Есім, Ғ. (2003, 20 маусым). Қазақ философиясы. Қазақ әдебиеті, 10 б.
8. Карасик, В.И., Слышкин, Г.Г. (2007). Базовые характеристики лингвокультурных концептов // Антология концептов. М.: Гнозис.
9. Кубрякова, Е.С. (2011). О когнитивной лингвистике и семантике термина «когнитивный». Вестник ВГУ. Серия «Лингвистика и межкультурная коммуникация», 4-10.
10. Қаржаубай, С. (2003). Орхон мұралары. I кітап. Тарихи танымдық этнографиялық әдебиет. – Астана: Күлтегін.
11. Минский, М. (1979). Фреймы для представлений знаний. Пер. с англ. М.: Энергия.
12. Назарбаев, Н. (2014, 18 қаңтар). Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Егемен Қазақстан, 3 б.
13. Рысберген, Қ.Қ. (2011). Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері. Алматы: Дайк-Пресс.
14. Ташағыл, А. (2006). Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Онтмдық. Астана: Фолиант.

15. Уәли, Н. (2007). Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол.ғыл.докторы дәрежесін алу үшін дайынд.дисс.авторрефераты. 10.02.02. Алматы.